



Qarqaraly

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

2 сәуір, 2022 жыл Сенбі №12 (11 861)

Айлардың сұлтаны



Ораза – оңалу айы

Мұсылман баласының иманы күшейгенде мейманасы асады. Аллаға жүрегімен құлшылық еткен сайын бойына қуат жиналары кімге болсын күмәнсіз шығар. Әлдекімге көмектескенде, жақсы сөз айтқанда, қайырлы әрекетке барғанда, ауыз бекіткенде, ораза тұтқанда, намазға тізе бүккенде, құранға ұйығанда, тағысын тағы... Сондықтан да мұсылман баласы әрекетін қылады да, берекетін хақтан тілейді. Осындай Құдайға қараған елдің баласына «айлардың сұлтаны» Рамазан да келіп жетті. Бұл ай – барша мұсылман үшін рухани жаңару айы.

Жаратушы ие пенделерін жаңарту үшін, нәпсісін тізгіндеп, иман ләззатын сезе алатын халге жетуі үшін ораза деген амалды таңдады. Жаратушының таңдауы мен бұйрығынан асқан қандай хикмет бар ендеше. Ораза тұтқанда адам жүрегінде рухани жаңару жемісі пісіп жетілетін көрінеді. Кемелдікке, жол ашылады деген сөз. Егер ниетің түзу, амалың дұрыс, нәпсіңе бекем болсаң, әрине. Ораза деген тамаққа ғана емес, көзге, сөзге, басқа да дүниелерден тыйылу емес пе?

Кез келген мұсылман адам Алла тағаланың іліміне бас иіп, имандылық жолына түскенге дейін өз өмірінде бойына, санасына неше түрлі жаман мінездерді, қылықтарды, сөздерді, жүріс-тұрыстарды сіңіріп алары ақиқат. Тамақтан бөлек көзге, сөзге да тыйым деп отырғанымыздың сыры осында. Бойға сіңген жаман қасиеттерден арылып, оның орнына жақсы қасиеттерді сіңіру ұзақ уақыт алып қана қоймайды, қуатты рухани тәрбие жұмысын қажет етеді. Оған жол ашатын амалдың бірі ораза.

Кімде-кім тіршілігінде абырой, бедел іздесе, алдымен өзінің нәпсісіне ие болуды үйренгені жөн. Маңдайы да сонда жарқырамай ма? Өз нәпсісін билей алмаған адам отбасын, айналасын жақсылыққа бастай алмайды. Мысалы, күн сайын нәпсімізге ерік беріп, өсек айтуға жол берсек, яки біреуді ғайбаттасақ, мінез-құлық, жүріс-тұрыс тұрғысынан, жалпы мәміле тұрғысынан нәпсімізге иелік етпей күнелі әрекет жасап қойсақ, сонша мәрте Алламен екі арамыз алыстай түседі. Яғни осы уақытта біз Аллаға адалдық сақтай алмадық һәм Алланы нәпсімізден жоғары қоя алмадық, Сол себепті күнәлар, қателіктер жүзеге асты.

Сол сияқты, атам қазақта «Ала жіпті аттама», «Кең болсаң кем болмайсың», «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» сияқты көптеген салиқалы сөздер бар. Мұның барлығы Алладан келген іліммен ұштасып жатқан кемел ұғымдар. Осы сияқты бабалар өсиетіне немқұрайды қарауға болмайды. Осы нәрселерді неғұрлым өмірімізге кіріктіре болсақ, соғұрлым жүректегі тазалық күшейеді. Бүгінгі келіп жеткен ораза құлшылықтан талап етілетін дүние осы – жүрек

тазалығы, яғни рухани жаңару жолы.

Жүрегің тазалау арқылы рухани жаңарған адам қашанда басқаларға жақсылық жасауға бейім тұрады. Иман тілінде мұндай тұлғаны «тура жол мәдениетін ұстаушы» дейді. Осындағы тура жол мәдениеті жүрек тазалығы арқылы келеді. Қазіргі жағдайда көпшілік адам ең әуелі өзінің жүрек тазалығын реттеп алмай, басқаларға ақыл айтады, жақсылыққа шақырады. Алайда оның алдында жүрек тазалығы өз деңгейінде болмағандықтан бұдан нәтиже шығуы қиын. Яғни берекесі болмайды.

Өйткені берекені Алла тағала осы жүрек тазалығына салып қойған. Мысалы, кешегі «Бірінші тілек тілеңіз, Бір Аллаға жазбасқа» деп жырлаған Бұқар жырау, «Толық мұсылман болмай толық адам болмайсың» деген Абай, «Адамдықтың егінін шаштым, ектім, Көңілін көтеруге құл халықтың» деген Ахмет, «Қаймағы бұзылмаған қайран дінім, Қаймағың быт-шыт болды қайдан бүгін?! Құбылаға бет алып құл құсырып, Сәждеге бас қоятын қайда қанім?» деген Мұқағали, бұлардың барлығы ең әуелі талант-дарыны жүрек тазалығына байланған адамдар. Өйтпесе, жүрегі таза емес адамнан жоғарыдағыдай керемет, имани сөз шықпайды.

Сіз үлкен ғалым, керемет оқымысты, тамаша қаламгер болуыңыз мүмкін. Бірақ жүрек тазалығы болмаса бәрі бекер. Өйткені жүрек тазалығынсыз айтқан сөзіңіз, үйреткен іліміңіз, жазған шығармаңыз жұрттың жүрегіне жетпейді һәм берекесі де болмайды. Абай ағамыз айтатын «Жартасқа бардым, Күнде айғай салым, Одан да шықты жаңғырық» дегеннің көбі.

Осы орайда, адамзаттың абзалы Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с.) бізге жеткен хадисте: «Кімде-кім әдепісіз сөз һәм надандықтан, өтіріктен тыйылмаса, оның тамағы мен суынан тыйылғаны (оразаны айтады) Аллаға әсте қажет емес» дейді. Демек құрметті жамағат, бүгінгі келіп жеткен Рамазан айының оразасын ұстап, өз нәпсіңізбен арпалысып, осы айдың ішінде тілімізді, мінезімізді, жүріс-тұрысымызды, қарым-қатынасымызды, ойымызды тазартып, рухани жаңаруымыз керек.

Бекжан Бақтияр.

Қарағанды облысының әкімі ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК Қарқаралы ауданының тұрғындарымен кездеседі

(8-72146) 31-3-66

жұмыс күндері 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)

karkar_org@krg.gov.kz

@akimat09

ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек 7 сәуір Қарқаралы ауданына барады. Жұмыс сапары барысында аймақ басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу Қарқаралы қаласының Мәдениет үйінде өтеді в 11:00. Азаматтарды қабылдау – 13:00-де.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.Өз өтініштеріңізді жұмыс күндері (8-72146) 31-3-66 телефоны бойынша 09:00-ден 18:30-ға дейін (түсті үзілік 13:00-ден 14:30-ға дейін) немесе электрондық пошта арқылы қалдыра аласыздар: karkar_org@krg.gov.kz.

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОНА!

Аким Карагандинской области Женис Касымбек 7 апреля посетит Каркаралинский район. Во время рабочей поездки глава региона встретится с жителями и проведёт личный приём.

Встреча с населением состоится во Дворце культуры г. Каркаралы в 11:00. Приём граждан – в 13:00.

Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа. Оставить свои обращения можно по телефону (8-72146) 31-3-66 в будние дни с 09:00 до 18:30 (с перерывом на обед с 13:00 до 14:30) или электронной почте: karkar_org@krg.gov.kz.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Аудандық «Қарқаралы» газетіне 2022 жылға жазылу жыл бойы жүргізіледі. Жеке тұлғалар үшін жылдық жазылу индексі 65626, жазылу бағасы бір жылға – 2220 теңге, жарты жылға 1110 теңге. Кәсіпорындар үшін жылдық жазылу индексі 15626, жазылу бағасы бір жылға – 3000 теңге.

Жарты жылға 1500 теңге.

Жазылым барлық пошта бөлімшелерінде.

Құрметті оқырмандар, бізбен бірге болыңыздар!

Депутат және халық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» жұртымызға үлкен үміт сыйлады. Күрделі реформалар мен стратегиялық шешімдердің іске асуынан, халықтың бірлігі мен бекемділігінен туатын ұлы мақсат жұрттың әл-ауқаты мен қоғамдағы түйткілді мәселелерді шешуден басталады. Осы идеяны мақсат тұтып, бас шаһардан Қарқаралы ауданына жоспарлы іс-сапармен сенатор Рысқали Әбдікерев келді.

Халық қалаулысы іс-сапар барысында аудандық ішкі істер бөлімінің жұмысымен танысып, Қарқаралы ауданы әкімдігінің ғимаратында жергілікті мәслихат депутаттарымен кездесу өткізді.

Жиын кезінде халықтың көкейінде жүрген түйткілді мәселелер қаралып, оларды ұтымды шешу жолдары талқыланды.

Парламент Сенатының депутаты Қарқаралы өңіріндегі жұртты қажытқан Қарағанды-



Сенатор Қарқаралы өңіріне қолдау бермек

дүниесі комитеті және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен келіс сөздер жүргізіп, туризмнің бойына қан жүргіртетін бас жоспарды бекітуге ықпал жасайтындығын жеткізді.

Парламент сенатының депутаты Рысқали Әбдікерев ауыл мәселесін де айналып өтпеді. Осы мақсатта Қаршығалы ауылдық округіне қарасты Көктас ауылына арнайы барып, «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өткен мектеп пен отбасылық дәрігерлік амбулаторияда болды. Сапарын мәдениет үйінде ауыл тұрғындарымен жүздесіп, оларды толғандырған мәселелерге қанықты. Сенатордың кесімді сөздері мен шешімді іскерлігі жұрттың көңілінен шықты.

Сүбелі өңгіме мен жоспарларды талқылау барысында Астана мен ауылдың арасы жақындады. Егер осы үрдіс жалғасын табатын болса, қалың бұқара мен қараша үйдің де жағдайы жақсаратыны белгілі. Үкімет тарапынан нақты жұмыстар жасалып, халық үлкен реформаларды қолдап, қуаттаса Ел мен жердің берекесі артары анық.

Баршын Ертісқызы.

Хабарландыру

"Алайғыр" БК" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 11.05.2022 ж. сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы қ., т. Әубәкіров к-сі, 23 мекенжайы бойынша (Қарқаралы ауданының әкімдігі, мәжіліс залы), сондай-ақ ZOOM конференция арқылы (Идентификатор: 320 844 9619, қолжетімділік коды 8dхvқq), "Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орнында полиметалл кенін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі тау-кен байыту комбинатының үшінші іске қосу кешенінің байыту фабрикасы мен инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалану" жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, кен орындарын қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау қоршаған ортаны қорғау. Жобалық құжаттама пакетімен esorportal.kz порталында танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей esorportal.kz экологиялық бірыңғай порталында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады. Мекен-жайы aknurs@mail.ru. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. aknurs@mail.ru мекенжайы және телефоны: +7 (7212) 31-98-76.

ТОО «СП «Алайғыр» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 11.05.2022 г. в 16.00 по адресу Карагандинская область, г. Каркаралинск, ул. Т.Аубакирова, 23 (Акмат Каркаралинского района, конференц зал), а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 320 844 9619, код доступа: 8dхvқq), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Проекту нормативов допустимых выбросов «Строительство и эксплуатация обогатительной фабрики и объектов инженерной инфраструктуры третьего пускового комплекса горно-обогатительного комбината по добыче и переработке полиметаллических руд на месторождении Алайғыр в Карагандинской области», Программе управления отходами, Программе производственного экологического контроля, Плану мероприятий по охране окружающей среды. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esorportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esorportal.kz, а также на эл. адрес aknurs@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу aknurs@mail.ru или по телефону: +7 (7212) 31-98-76.

Хабарландыру

Требуются повара и официанты в придорожное кафе (поселок Коктас). Название кафе «Жибек жолы». Оплата при собеседование. Питание бесплатное. График работы: 15/15. Сеть плохо ловит поэтому звоните или пишите только на Whatsapp: 8-778-384-75-55.

Натяжные потолки недорого качественно 87024436949.

Механизаторлар қажет, оқытып алуға болады. Еңбекақысы 150 000-250 000 теңге, тұратын жері мен тамағы тегін. Тұрғылықты көшіп келуге үй мәселесін шешуге болады. Толығырақ кездескен кезде.Тел.87784300047; 87053034466. Осакаров ауданы, Батпақ ауылы.

Қарқаралы ауданының Талды станциясында 2 подъезді үй сатылады. Қабырғасы пенаблочный панель, төбесі плита. Бұзып алуға да болады. Бағасы келісім бойынша. 87762690254 Майра

Натяжные потолки. Все цвета и разный обьем. Широкий выбор. Низкий цены. Гарантия качества. Установка гардин люстр в подарок. Можно на Kaspi Red, Tel: 87754676392.

Бордақыланған семіз 1,5 жасар еркек тайынша сатылады. Тел: 87752907640 Шакен үй телефоны: 32-2-00.

Қарқаралы ауданының Қоянды ауылдық округіндегі "Қорық"шаруа қожалығы 2019 жылы Ресей федерациясынан асыл тұқымды герефорд элита рекорд аналық малы өкелген болатын. Осы сиырлардың бұқалары 2 санаттағы плем.статусымен сатылады. Бағасы 370 000 тг - 500 000 тг аралығында. Байланыс телефоны: +77025271917 Еркебұлан Олжабаев.

Натяжные потолки! Быстро и качественно! 87021771823 Кайсар.

20 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған азаматша Рымбаева Бахит Мухатаевнаға мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

28 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған азаматша Кабасова Әсемгүл Төлегенқызына мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

28 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған азаматша Каблдина Жанилканға мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

23 қараша 2021 жылы қайтыс болған азаматша Бекишева Мейрамгуль Кудайбергеновнаға мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

22 ақпан 2022 жылы қайтыс болған азамат Машаев Шакарим Турсуновичке мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

20 тамыз 2021 жылы қайтыс болған азамат Мухтаров Аскар Абжатовичке мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

27 қаңтар 2022 жылы қайтыс болған азамат Жаппаров Жанкелды Кабдрахмановичке уралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

29 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған азамат Сланбеков Кобланды Смаковичке мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

22 қазан 2021 жылы қайтыс болған азаматша Каражия Татьяна Викторовнаға мұралық іс ашылды, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі, 34 («КТ «Қарқаралы», ғимаратында орналасқан), мекен жайы бойынша нотариус Рахимова Жанаргуль Мейрашовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Тел 8-701-487-99-54, 8-72146-33-016)

ЕСКЕ АЛУ

Жылдар өткен сайын сағынып, әкеміз бен анамызды еске аламыз. Биыл әкеміз тірі болғанда 111-ге, анамыз 100-ге келуші еді. Ама! не жазымыштан озмыш жоқ.

Ұл-қызы, немерелері, туысқандары әкеміз **Оспанов Омархан** және анамыз **Кусаинова Раушанды** мақтаныш тұтамыз.

1922 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, бұрынғы «1 май» кеншары казіргі «Ақжол» ауылының қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген, руы: «Күшік», балалық, жастық шағы сонда өтіп, білім, тәлім-тәрбие алған. Кеңес Социалистік Республикалар Одағының тұсында Кеңес Одағының коммунистік партия ұйғарымымен Кусаинова Раушан анамыз көптеген лауазымды қызметтердің тұтқасын ұстаған. Еңбек жолын Абай Құнанбаев атындағы Қарқаралы педагогикалық училищесін бітіріп, Ұлы Отан Соғыс жылдары «Беталыс» ұжымында жұмыскерден бастап, сол ауыл советінің хатшысы болған.

Аса қатты соғыс болып жатқанда ауылда қарттар мен бала-шаға қалған. Тылдың ауырпашылығы көрді. «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!», – деп аянбай бәрін майданға жіберіп жатты, сол жылдары ауыл шаруашылығына үлкен үлесін қосқан.

Бүгінгі күні әкеміз бен анамыздың Қарқаралы ауданындағы белгілі тұлғалары болғанын бүгінгі шыққан кітаптардан, мақалалардан және көздерін көрген адамдардың әңгімелерінен біліп, содан үлкен абырой аламыз.

Әкеміз бен анамыз балаларына білім алуға үлкен талап қойып, бәріне жоғары оқу орнын аяқтатқан. Бүгінгі шақта олар әр саларда қызметтерін абыроймен атқарып жүр. Жауапты қызмет иелері. Олар казіргі күні Қарағанды облысында, Алматы қаласында тұрып жатыр.

Қанша уақыт өтсе де асыл бейнелеріңіз есімізде сақталады. Еске аламыз, сағынамыз, балаларыңыз, немерелеріңіз, жердің бетін жеті рет айналасқта өздеріңіздей әке мен анамызды қайдан таба аламыз. Алайда, әкеміздің, анамыздың нұр бейнесі мәңгілік сақталады.

Тіршілігінде еліне, халқына байсалды, ақжарқын, ақкөңіл мінездерімен, мейірімділігімен бәріміздің есімізде мәңгі сақталады. Адалдық пен адамгершілікті ту етіп өткен олар бізге шынышдықты, еңбекқорлықты, бар жақсылықты үйретіп, бойымызға сіңіруге, адам болып қалыптасуымызға, бар күш қуаттарын жұмсады. Қаңқорлықтарын аямайтын қолдаушы, демеуші, арқасүйер панамыз, думанымыз, шуақ-нұрымыз еді ғой. Мейірім тұнған жүздеріңіз, абзал бейнелеріңіз, қоңыр дауыстарыңызды сағынып, аңсап келеміз. Ардақты әкеміз бен аяулы анамыздың бақилықта жатқаны шырақ, мінгені пырақ болсын, жатқан жерлері жайлы, топырағы торқа, жандары жәннетта болсын, Алла тағаланың назарында болсын!

Еске алушылар: Оспановтар, Омархановтар әулеті, немерелері, шөберелері.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тұрғыны **Гүля Тулеуханқызының** жер бесікке беленгеніне бір жылдың жүзі болды. Анасына тірек, балаларына жанашыр, немерелеріне қамқор әже бола білген асыл анамызға сағынышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Анамыздың аяулы, ыстық алақаны мен бір ауыз жылы сөзін естуді сағындық. Ортамызда жүргенінің өзі біз үшін көңілге демеу, жүрекке медеу екен. Анамыздың жарқын бейнесін еске ала отырып, қабірі Алланың нұрына бөленіп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп дұға бағыштаймыз.

Сағына еске алушылар: Анасы – Кәмиля, жолдасы – Жанат, балалары Жасулан-Кымбат, Нариман-Айгерим. Немере- жиендері, туған-туыстары.

Анамызды сағына еске ала отырып, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, анамыздың көзін көрген, дәмдес болған, сыйласқан жандарды 2022 жылдың 2 сәуірінде сағат 13.00-де «Аслан» дәмханасына жылдық асына шақырамыз.

Поощрения лиц, сообщивших о факте коррупционного правонарушения или иным образом оказывающих содействие в противодействии коррупции

«Нулевая» терпимость к коррупции и активное участие самих граждан является одной из важных составляющих в искоренении коррупционных правонарушений.

Достойное вознаграждение неравнодушных граждан является стимулирующим фактором в этом вопросе.

Антикоррупционной службой по Карагандинской области на регулярной основе осуществляется мониторинг обвинительных приговоров, вступивших в законную силу, а также прекращения уголовных дел по реабилитирующим основаниям с рассмотрением вопроса о поощрении граждан.

Во исполнение поручения группой контрольно-методического обеспечения Следственного управления проведена ревизия обвинительных приговоров, вступивших в законную силу, а также постановлений о прекращении уголовных дел по реабилитирующим основаниям.

По итогам работы за 2021 год Департаментом по Карагандинской области поощрено 17 лиц сообщивших о фактах коррупционных правонарушений на общую сумму 528 900 тенге.

А вот за 3 месяца 2022 года уже поощрено 9 граждан на общую сумму 2 766 800 тенге.

Вместе с тем, заявителям даны разъяснения, что в случае устранения причин отказа рассмотрения документов, они имеют

право обратиться с заявлением повторно в порядке, установленном Правилами.

Управлением превенции работа по разъяснению населению положений Правил проводится на постоянной работе в ходе встреч, семинаров.

Антикоррупционная служба Карагандинской области еще раз напоминает, Если Вы стали свидетелем коррупционного правонарушения, Вы можете сообщить о факте коррупционного правонарушения в Агентство РК по противодействию коррупции:

1) через единый call-центр

Антикоррупционной службы по бесплатному круглосуточному номеру 1424;

2) письменно по почтовому адресу Антикоррупционной службы Карагандинской области: г.Караганда, ул.Алиханова 12;

3) через портал «Электронного правительства» www.egov.kz при наличии электронной цифровой подписи;

4) письменно на электронный адрес karaganda@nab.gov.kz

Работа по поощрению лиц, сообщивших о факте коррупционного правонарушения или иным образом оказывающих содействие в противодействии коррупции продолжается и находится на постоянном контроле руководства Департамента.

Хабарландыру

Требуются повара и официанты в придорожное кафе (поселок Коктас). Название кафе «Жибек жолы». Оплата при собеседование. Питание бесплатное. График работы: 15/15. Сеть плохо ловит поэтому звоните или пишите только на Whatsapp: 8-778-384-75-55.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тумасы **Смагулова Гүлназия Сыздыққызы** өмірден озып, Жер-анамыздың құшағына енді.

1965 жылы қара шаңырақ № 1 мектептің 1 сыныбына қабылданып, 1975 жылы 10 «А» сыныбын тай құлындай тебісіп, балалық шағымыздың асыл уақытын бірге өткізіп аяқтап едік. Арамыздан бақилыққа сапар шегіп жатыр. Сыныптас құрбымыздың ортамыздан кетуі жүрегімізді жүдетіп кетті. Бірақ адал, ізгілікке толы бейнесі жанымызда қалды.

Өмір – өзен кімдерді алып кетпеген, Кімдер келіп, өмір жолын өтпеген. Құрбымызға тілейміз жұмақ төрін Ұрпағың жетсін арманға, сен жетпеген Бәйтеректей әулетке сая болған, Бәріне де мейірімін аямаған.

Жан досымыз отбасының тірегі едің, Болмасаңда бүгін біздің жанымызда, Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда. Алла енді амандық, сабыр берсін, туысына, жарына, баласына. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешсе де, артында ізгі-ұрпағы қалды.

Шүкір дейміз. Алланың қалағанына бағынып, құран-дұға бағыштаймыз құрбымызға.

Еске алушылар: сыныптас құрбыларың Жанар, Сәуле, Саят, Шолпан, Абуғали, Жанат, Самат, Сембі, Кенжебай, Курмас, Бағдат, Жумажан-Құлімтай, Рима, Света, Бақыт, Сәуле И., Бақыт Б. Бақыт Ө., Айман, Гүлбаршын, Гүлсім, Рымкүл, Тишкен, Роза, Гүлназия, Рымжан, Сара, Дәкен, Қаламқас.



ЕСКЕ АЛУ

Алтын бесік Қарқаралы топырағы – талай жайсаң ұл мен қылықты қызды дүниеге әкелген қасиетті мекен.

Осы киелі жерде 1974 жылы дүниеге келген сүйікті қызымыз **Айгүл Әлиасарқызы Абеуованың** фәни жалғаннан бақиға аттанғанына 22 сәуірде бір жылдың жүзі болды.

Қарқаралы қаласындағы №2 орта мектепті 1990 жылы аяқтап, КарМУ-дің экономика факультетін тәмамдады. Зерек, ақылды, әрдайым үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден танбайтын, көп ішінен үнемі дараланып тұратын Айгүл өз орынын лайықты тауып, Қазыбек Би аудандық салық комитетінде жемісті қызмет жасады.

Дүние – жалған, ғұмыр – ғайып. Жер бетіндегі татар дәм де мәңгілік емес. Біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал біздің де аяулы қызымыз Айгүлімізді қапыда алып кетті.

Соныңда аңырап ата-анасы, туғандары, достары қала бердік...

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін, Жарқырап келе жатқан жұлдызым ең, Өттен-ай! Ерте сөндау от-ғұмырың! Ама! бар ма құдіреті күшті Құдайға. Не істерін Алла бізден сұрай ма? Асыл қызым, ақ жүзінді сағынамыз, Алланың жазғаны ғой, не қыламыз, Сонда да ойлай-ойлай нұр жүзінді Тұған-туыс, дос-жоран боп еске аламыз.



Еске алушылар: ата-анасы, бауырлары.

ЕСКЕ АЛУ

Қамшының сабындай қайран тірілік бір күні шорт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі қызық әрі тәтті болғанымен өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде өлмекте бар» дейді шариғат сөзі. Кеше ғана құлын-тайдай ойнап-күліп жүрген кластас досымыз руы Қырғыз, Темірші ауылының тумасы **Игілікүлы Жеңістің** ортамызды азайтады деген үш ұйықтасақ та ойымызда жоқ еді.

Елжіреп тұрушы едің дос дегенде, Басқа салса қайтеміз көнбегенде. Жақсы сөз, керкем мінез еске аламыз, Адал достық мейіріміңе шөлдегенде! Жаның жарқын, жақсылыққа жаршы едің, Еске алады сені кластас достарың. Нұр жүзіңді жүрегінде сақтайтын, Ұмытпайтын кластастарың бар сенің!



Еске алушылар: 1962 жылы О.Жәутіков атындағы 1 қазақ орта мектебін аяқтаған кластастарың Мейрамғали-Мәкіш, Ақан-Шолпан, Рымкүл, Жеңіс-Өркен, Гүлмайра, Тлеубек-Зайра, Нұртай-Науқан.

ЕСКЕ АЛУ

Қ.Аманжолов ауылының тұрғыны **Әшімов Ғалымжан Жұмажанұлы** 3 сәуір күні дүниеден бақиға аттанғанына 20 жылдың жүзі толып отыр. 1 сәуірде 43 жасқа келер еді. Ата-анасының алып бәйтерегі, достаққа адал жолдас бола білген сыныптас құрдасымыздан айырылу біздің көңілімізге қайғы сызын, жүрегімізге мұңын ізін салып кетті. Қанша уақыт өтсе де жүректе орын алған қимастық сезімі бір сәтке болсын сөйлер емес. Баршамыздың санамызда болмыс-бітімі, қадір-қасиеті мен өмірлік ұстанымы ұмытылмастай сақталып қалды. Алланың жазған тағдырына мойын сұнып, марқұмға жатқан жері жайлы, қабірі жарық, топырағы торқа болсын деп рухына дұға бағыштаймыз!

Еске алушылар: сыныптастары.



02 ақпан 2022 жылы қайтыс болған азамат Абыкенов Куат Хамитовичтің атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36-шы үй № 3-ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 31-5-15, 8-701 751 49 37.

12 қазан 2021 жылы қайтыс болған азамат Кабжанов Санаттың атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36-шы үй № 3-ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 31-5-15, 8-701 751 49 37.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері көсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласының балалар өнер мектебі Көктас ауылының қобыз сынып мұғалімі Есенгельдина Маржан Ерengelиевнаға **анасының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері көсіподақ комитеті және Қызыл-ту ауылына қарасты № 13 негізгі мектеп ұжымы осы мектептің директоры Нугуманов Құтжанға әкесі **Сайлаудың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.